

Ақжайық аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 15-4 "Ақжайық ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2025 жылғы 5 желтоқсандағы № 35-2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 8 желтоқсанда № 37545 болып тіркелді

Ақжайық аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақжайық аудандық мәслихатының "Ақжайық ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 29 наурыздағы № 15-4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7364-07 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақжайық ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және қағидасын айқындау туралы";

көрсетілген шешімнің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Ақжайық ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және қағидасы айқындалсын.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақжайық ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және қағидасы";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеу сомасы мен көрсетілетін қызметті алушының осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалды.

Көрсетілетін қызметті алушының жиынтық табысының шекті жол берілетін шығыстар үлесі деңгейі бес (5) пайыз мөлшерінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 6 – тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық жиынтығын қабылдаған күннен бастап құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау не

бас тарту туралы дәлелді жауап не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру мерзімі 6 (алты) жұмыс күнін құрайды."

2. "Ақжайық аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі" мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін.

3. "Ақжайық ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі белгіленген тәртіпте:

осы шешімді ресми жариялағаннан кейін Ақжайық ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақжайық ауданы әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақжайық аудандық мәслихат төрағасы

С. Сиражев